

«SMART-тан IPHONE X телефонының ұтыс ойыны» науқанына қатысу ережелері

Ұйымдастырушы – «Кселл» АҚ

Науқанның өткізілу мерзімі: 2018 жылғы 17 қыркүйектен 2018 жылғы 17 қазанға дейін қоса алғанда Астана уақыты бойынша сағ. 23:59-ға дейін.

Науқанға абоненттік нөмірлері жеке тұлғаға тіркелген, жастары 18-ге толған, Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты бар шетелдік азаматтар болып табылатын, activ тауар белгісіндегі «Кселл» АҚ абоненттері қатыса алады.

Науқанға қатысуға Ұйымдастырушының қызметкерлері, олардың жақын туыстары (жұбайы, ата-анасы, қызы, ұлы, асырап алған ата-анасы, асырап алынған ұл-қыздары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері/әпке-сіңлі-қарындастары, әжесі, атасы, немерелері) және Ұйымдастырушының дилерлері жіберілмейді.

1. НАУҚАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

1.1. Науқанға қатысу үшін Абоненттерге 17/09/2018ж. бастап 17/10/2018ж. дейін қоса алғанда Науқан өтетін кезеңде *555*1# USSD-тіркесін теріп, *555# USSD-мәзірі арқылы, <http://smart.activ.kz> сілтемесімен өтіп немесе Оператор жіберген кіріс sms-хабарламадағы сілтемемен өту арқылы Бағдарламаға қосылу және 2018 жылғы 10 қазанда Астана уақыты бойынша сағ. 23:59-ға дейін Бағдарламаның жазылушысы болу қажет.

1.2. 2018 жылғы 17 қазанға дейінгі (қоса алғанда) мерзімде Абонент Бағдарламадан бас тартса, Абонент Науқан бойынша жүлделер ұтысынан шығарылады.

1.3. Осы Ережелерде көрсетілген әрекеттерді орындаған Науқан қатысушылары осы арқылы Науқан Ережелерімен және қатысу талаптарымен толық танысқандығын және олармен келісетіндігін растайды.

1.4. Бағдарлама талаптары туралы толық ақпарат: <http://smart.activ.kz>

2. ЖЕҢІМПАЗДЫ АНЫҚТАУ:

2.1. Жеңімпаздар <https://www.random.org/> бағдарламасының көмегімен Науқан қатысушыларының арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен анықталатын болады.

2.2. **Науқан жүлдесі:**

жүлде: IPHONE X 64GB ТЕЛЕФОНЫ 2018 жылғы «20» қазанда ұтысқа салынады.

2.3. Жеңімпазды анықтау және Науқанның ақырғы нәтижесін жариялау 2018 жылғы 30 қазанға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

3. ЖҮЛДЕНІ АЛУ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ:

3.1. Жеңімпаздың аты-жөні көрсетілген Науқан қорытындылары activ сайтының «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланады (осы Ережелердің 3.2-тармағында аталған құжаттарды алғаннан кейін).

3.2. Ұйымдастырушының өкілдері Жеңімпаз анықталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Науқанға қатысқан абоненттік нөмір бойынша жеке куәлігінің көшірмесі мен Жұлдені алуға келісімін алу үшін Науқан Жеңімпазына хабарласады.

3.3. Жеңімпаз 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде Ұйымдастырушыға мынадай ақпаратты беруге міндетті:

- ЖСН көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаты;

- Абоненттік нөмірдің абонентке тіркелгенін растау.

3.4. Ұйымдастырушы Жеңімпаздан 3.3-тармақта аталған мерзімде Науқан жүлдесін алу үшін қажетті мәліметтерді алмаған жағдайда, жүлдені жарияланған Жеңімпаз қажет етпеген

болып саналады және Ұйымдастырушы оны беруден бас тартуға құқылы болады. Бұл ретте жүлдені қайта сұрату мүмкін болмайды.

3.5. Жеңімпаз жүлдені алмаған немесе кез келген себептер бойынша жүлдені алудан бас тартқан жағдайда, Ұйымдастырушы алынбай қалған жүлдеге өз қалауынша иелік ету, соның ішінде осы Ережелерге сәйкес, жаңа Жеңімпазды анықтау құқығын өзіне қалдырады.

3.6. Жеңімпаз осы Ережелерде көзделген талаптарды орындамаған, Байланыс қызметтерін көрсетуге арналған жария шарттың, қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы Жеңімпазға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

3.7. Жеңімпазды марапаттау 3.1-тармаққа сәйкес Науқан Қорытындылары жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, осы Ережелердің 3-бөліміне сәйкес, Жеңімпаз ұсынған ақпарат бойынша Ұйымдастырушының Жеңімпаз тұратын жерге жақын маңдағы Kcell орталығында өтеді. Жүлдені табыстау күні мен уақыты туралы ақпаратты Ұйымдастырушы Жеңімпазға алдын ала жолдайды.

3.8. Жүлде Жеңімпаздың тұрғылықты жеріне жеткізілмейді. Жүлдені табыстау кезінде қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылады.

3.9. Науқанның жүлдесі (жүлде қоры) тиянақталған болып табылады және Науқанды өткізу басталғанға дейін қалыптастырылады.

3.10. Науқан жүлдесінің сапасы үшін оны дайындаушы (өндіруші) жауап береді.

3.11. Ұйымдастырушы Науқан жүлдесінің Қатысушылардың жеке үміттеріне сәйкес келмегендігі үшін жауапкершілік көтермейді.

4. ЖҮЛДЕНІ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫНЫҢ АҚШАЛАЙ БАЛАМАСЫНА АЙЫРБАСТАУ МҮМКІНДІГІ:

4.1. Осы Науқан аясында жүлдені ақшалай баламасына айырбастау көзделмеген.

5. НАУҚАННЫҢ ҚОСЫМША ТАЛАПТАРЫ:

5.1. Науқан туралы бүкіл ақпаратты activ.kz және smart.activ.kz сайтынан білуге болады.

5.2. Ұйымдастырушы activ.kz және smart.activ.kz сайтына тиісті ақпаратты орналастыра отырып, осы Науқан талаптарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

5.3. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы радио және телевидение үшін, басқа бұқаралық ақпарат құралдары үшін Науқанға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға, сондай-ақ Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалардың Қатысушыларды фото- және бейнетүсірілімге түсіруіне өз келісімін растайды. Бұдан басқа, Қатысушы өз аты-жөнінің Ұйымдастырушы сайтына орналастырылуына, өзі (Қатысушы) түсірілген фото- және бейнежазбаларының пайдалану үшін Қатысушы тарапынан қосымша келісім алмастан және қандай да бір сыйақы төлеместен (тіпті материал жарнамалық сипатта болған күннің өзінде) пайдаланылуына, сондай-ақ Ұйымдастырушының Науқанды өткізу мақсаттарында Қатысушының дербес деректерін пайдалануына (жинауына және өңдеуіне) келісім беретіндігін растайды.

6. САЛЫҚТАР:

6.1. Ұйымдастырушы Науқан жүлделерін жеңіп алған адамдардың жүлделерді алуы кезінде Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес туындаған табыс салығының төленуі және есептіліктің уақтылы берілуі үшін бюджет алдында жауапты.

6.2. Осы құжатта келісілмеген, Науқан Қатысушыларының жүлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін барлық басқа төлемдерді Науқан жүлдесін/жүлделерін алатын Науқан Қатысушылары өздіктерінен төлеулері тиіс.

7. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР:

7.1. Ұйымдастырушы осы Ережелерді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, өзгерту және осы Науқанға қатысты қосымша ақпарат жариялау құқығын сақтап алады.

7.2. Ұйымдастырушы осы Ережелерге сәйкес жүлдені алу құқығын растайтын талаптарға қатысты қандай да бір хат алысуға немесе қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес.

7.3. Науқанды ұйымдастыруды және өткізуді Ұйымдастырушы Бағдарламасының жазылушыларын көбейту, сондай-ақ Ұйымдастырушы абоненттерін қосымша қызметтерді пайдалануға ынталандыру мақсатында Ұйымдастырушы жүзеге асырады.

7.4. Науқанның өткізілуімен байланысты барлық даулар келіссөздер жолымен шешілуі тиіс. Бейбіт жолмен келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралуы тиіс.

7.5. Науқанды өткізу барысында Қатысушының үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуымен байланысты үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға қандай да бір кінәрат-талаптар болған жағдайда, Қатысушы осындай дауларды өздігінен шешу жауапкершілігін өзіне алады.

7.6. Осы Науқанды өткізу Ережелерін Ұйымдастырушы activ.kz сайтында жариялайды.

НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, СІЗ ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕСІЗ.